

References:

1. Batenin S.S. *Man in his story*. – Moscow: Ed. Leningrad. u-ta, 1976. – P. 295.
2. Marx K. *Economic and philosophical manuscripts of 1844 and other early philosophical works. Series of books: Philosophical technologies*. – Moscow: Academic project, 2018. – 784 p.
3. Marx K., Engels F. *German ideology*. – Moscow: Party publishing house, 1933. – 620 p.
4. Blauner Robert. *Alliance and freedom: the factory worker and his industry*. Chicago, IL: The University of Chicago Press. p. ix., 1964. 222 pages.
5. *Poets of Kazakhstan*. – Leningrad: Soviet writer, 1978. – 607 p.
6. *Bes gasyr zhyrlaidy: In 2 volumes*. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 1st volume. – 384 b.
7. *Zar zaman: Zhyr-tolgaular*. – Almaty: Zhalyn, 1993. – 176 p.
8. Toraigyrov S. *Poems and poems*. – Alma-Ata: Zhazushi, 1989. – 256 p.
9. Toraigyrov S. *Saryarkanyn zhangbyry*. – Almaty, 1987, 2nd volume. – 219 b.
10. Magauin M. *Abaidyn inisi // Құдайбердіұлы Shakarim. Olender men poemalar*. – Almaty: Zhalyn, 1988. – 5-24 p.
11. *Shakarim Kudaiberdiev. Shygarmalary*. – Almaty: Zhazushi, 1988. – 560 b.
12. *Zhumabaev M.B. Shygarmalary*. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 448 b.
13. *Aimauytov Zh. Sherniyaz: Piesalar Zhinagy*. – Almaty: Oner, 1990. – 336 p.
14. *Akbaeva L.N., Akbaeva A.N. History of Kazakh aesthetic thought: monograph*. – Almaty: ALiT, 2021. – 105 p.
15. *Aimauytov Zh. Shygarmalary*. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 560 b.

ӘӨЖ 674-11
ГРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.09>

Ғ.К. Кенжебаев^{1*}, Ж.Жомарт²

¹тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ -нің профессоры,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., e-mail: kgabit62@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E-mail: zhzhengis@gmail.com

XX ҒАСЫРДЫҢ 90-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Аңдатпа

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасындағы жоғары білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясат тарихи тұрғыдан талданады. Нарықтық қатынасқа өту кезеңіндегі білім мен ғылымдағы жаңа саясат нағыз ғылыми мақсатта болуы, яғни шынайы талдау мен тура есепке сүйенуі қажет. Тарихи тәжірибелерді оқу әрі пайдалану – білім мен ғылым құрылысы және оны басқаруды жетілдіру жөніндегі тиянақты ұсыныстар жасаудың міндетті кезеңі болып, ол стратегиялық есептеулердегі жаңылысу мен тактикалық қателіктерді қайталауға жол бермейтін тиімді басқару принциптерінің бірі саналады. Бүгінде Республика жоғары оқу орындарының қоғамдық ортадағы маңызын ашудың өзі өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, қандай қоғамда да жоғары білімді мамандарды даярлау үздіксіз жүретін процесс екендігі белгілі. Сондықтан бүгінгі күннің міндеттерін анықтап, шешкенде тек қана жаңа тәсілдермен және жаңа әдістермен жүзеге асырып, орындап шығу мүмкін емес. Осыған орай, біздің ойымызша өткеннің бай тәжірибесіне арқа сүйеп, бүгінгі күн тұрғысынан пайдалануға болатын жақсы дүниелерді де игілікке жаратудың орындылығын ескерген жөн. Онсыз қоғамдық прогрестің сабақтастығы үзіледі. Ал, білім саласында сабақтастық байланысын сақтамау ұлттық ерекшеліктерді әлсіретіп қана қоймай, сонымен бірге еліміздің рухани өміріне кері әсерін тигізіп, мұндағы ұйымдастырылатын іс шараларының тиімділігін әлсіретуге әкеліп соғады.

Кілт сөздер: 90-жылдар, Қазақстан Республикасы, жоғары білім, ғылым, Білім беру жүйесі, Жоғарығы оқу орындары

Кенжебаев Г.К.^{1*}, Жомарт Ж.Ж.²

¹доктор исторических наук, профессор кафедры "Истории Казахстана"

Казахского национального педагогического университета имени Абая. Республика Казахстан,

e-mail: kgabit62@mail.ru

²кандидат исторических наук, PhD, Ведущий научный сотрудник

Института истории и этнологии имени Ш.Ш. Валиханова. Республика Казахстан, г. Алматы, E-mail:

zhzhengis@gmail.com

В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В 90-е гг. XX ВЕКА ОПЫТ И ПРОЦЕССЫ РАЗВИТИЯ В ОРГАНИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

Аннотация

В исследовании исторически анализируется государственная политика в сфере высшего образования и науки в Республике Казахстан. Новая политика в области образования и науки при переходе к рыночной экономике должна иметь реально научную цель, т. е. основываться на реальном анализе и непосредственном расчете. Изучение и использование исторического опыта является обязательным этапом разработки комплексных рекомендаций по совершенствованию построения и управления образованием и наукой, что является одним из принципов эффективного управления, предотвращающего ошибки и повторение тактических ошибок в стратегических расчетах. На сегодняшний день актуальным стал вопрос выявления значимости высшего образования в общественной сфере республики. Известно, что в любом обществе подготовка высокообразованных специалистов представляет собой непрерывный процесс. Поэтому нельзя выявлять и решать сегодняшние проблемы только новыми способами и методами. В связи с этим, на наш взгляд, необходимо опираться на богатый опыт прошлого и учитывать то хорошее, что можно использовать в современном мире. Без него преемственность общественного прогресса нарушается. Несоблюдение преемственности в сфере образования не только ослабляет национальную идентичность, но и оказывает негативное влияние на духовную жизнь страны, приводя к ослаблению эффективности организуемой здесь деятельности.

Ключевые слова: 90-е годы, Республика Казахстан, высшее образование, наука, система образования, вузы.

Kenzhebeyev G.K.¹, Zhomart Zh.Zh.²

¹Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of "History of Kazakhstan" of the Abay Kazakh National Pedagogical University. Republic of Kazakhstan. Almaty

e-mail: kgabit62@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, PhD, Leading Researcher at the Sh. Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty. E-mail: zhzhengis@gmail.com

IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE 90s. XX CENTURY EXPERIENCE AND PROCESSES OF DEVELOPMENT IN THE ORGANIZATION OF HIGHER EDUCATION AND SCIENCE

Abstract

The study historically analyzes the state policy in the field of higher education and science in the Republic of Kazakhstan. The new policy in the field of education and science in the transition to a market economy should have a real scientific goal, that is, be based on real analysis and direct calculation. The study and use of historical experience is an obligatory stage in the development of comprehensive recommendations for improving the construction and management of education and science, which is one of the principles of effective management that prevents mistakes and the repetition of tactical errors in strategic calculations. To date, the issue of identifying the importance of higher education in the public sphere of the republic has become relevant. It is known that in any society the training of highly educated specialists is a continuous process. Therefore, it is impossible to identify and solve today's problems only in new ways and methods. In this regard, in our opinion, it is necessary to rely on the rich experience of the past and take into account the good that can be used in the modern world. Without it, the continuity of social progress is

broken. Non-observance of continuity in the field of education not only weakens the national identity, but also has a negative impact on the spiritual life of the country, leading to a weakening of the effectiveness of the activities organized here.

Keywords: 90s, Republic of Kazakhstan, higher education, science, education system, universities.

Кіріспе. Білім беру жүйесі – бұл ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана-сезімнің даму көрсеткіші. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпал етеді. Оқу-білім беру – жеке адамның әлеуметтік-экономикалық процестерге пәрменді қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі.

Тақырыптың өзектілігі. XX ғасырдың 90-жылдарындағы жағдайға тұтастай талдау жасағанда Қазақстан Республикасы білім беру саласында айтарлықтай табыстарға жетті деген пайымдау жасауға болады. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында көптеген жаңалықтардың енуімен ерекшеленеді. Ұзақ жылдар бойы қордаланған мәселелерді тәуелсіздік алған соңғы он жеті жыл ішінде толық шешіп тастау мүмкін емес жағдай. Сондықтан атқарылған шаралардан гөрі алда тұрған міндеттер көп десек, қателеспеген болар едік. Олай болса, Қазақстанның жоғары білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясат мәселесі де бүгінгі күні ел назарында тұрған өзекті мәселе.

Мақаланың мақсаты мен міндеттері: Қазақстандағы жоғары білім беру мен ғылым саласындағы жүргізілген мемлекеттік саясатты теориялық-әдіснамалық және тарихи тұрғыдан талдау. Сондай-ақ, мәселеге қатысты сан алуан деректерді саралай отырып, Қазақстандағы жоғары білім беру мен ғылым дамуының алғы шарттары мен заңдылықтарын анықтау және олардың қарастырылып отырған кезеңдегі елімізде қалыптасқан қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ахуалмен байланысты болғанын көрсету мақсаты қойылды.

Материалдар және методология:

Материалдар. Қазақстандағы жоғары білім беру мен ғылымның даму тарихы зерттеушілерді әрқашанда қызықтырғанын айта кету керек. Еліміздегі жоғары білім беру мен ғылымды дамытуға байланысты жарық көрген тарихи еңбектерді олардың мазмұны мен ой тұжырымдарына қарай шартты түрде төрт топқа жіктеуге болады:

- Бірінші топқа еліміздің мәдени дамуы мен құрылысын зерделеген еңбектер жатады;
- Екінші топ – Қазақстан зиялыларының тарихы мен тағдырын баяндайтын еңбектер;
- Үшінші топ – республикадағы жоғары білім беру мен ғылым жүйесінің қалыптасуы және дамуы жайлы зерттеулер;
- Төртінші топ бүгінгі қоғамдық даму жағдайындағы жоғары білім мен ғылымның даму саясаты мен стратегиясын айқындауды мақсат тұтқан еңбектер легі;

Методология. Мақалада ғылыми танымның эмбебап принциптері тарихи, сандық және салыстырмала-түсіндіру әдістері кеңінен қолданылды. Бұлар авторға біржақты позиция мен догмалардан арылып, зерттеліп отырған мәселені сыни тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берді. Методологиялық бағыттың дұрыс анықталуы қол жеткен ғылыми нәтижелердің оңды қорытындылануына өз ықпалын тигізді.

Талқылау. Халық санағының мәліметтері бойынша 1999 жылы Қазақстанда халықтың 12,4%-ның – жоғары білімі, 22,3%-ының – арнаулы орта, 36,8%-інің – жалпы орта, 18,1%-ының – негізгі жалпы, 7,5%-ының – бастауыш білімдері болған [1]. 1000 адамға шаққанда осы жастағы тұрғындар арасында жоғары білімі барлар 124 адамды (1989 ж. санақ бойынша – 184), арнаулы орта – 223 (1989 ж. – 184), жалпы орта – 386 (1989 ж. – 339), негізгі жалпы – 181 (1989 ж. – 200), бастауыш-75 (1989 ж. – 200), бастауыш – 75 (1989 ж. – 104) адамды құрады [2].

Екінші жағынан, 90-жы жылдары Қазақстан Республикасында тәуелсіз мемлекеттің одан әрі қалыптасу процесіне, оның экономикасының нарықты қатынастарға көшуіне, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу үшін қажетті жағдайлардың пайда болуына байланысты республиканың білім беру жүйесі өзгерістерге ұшырады. Білім беру саласында инновациялық белсенділік артты, жаңа типтегі, соның ішінде мемлекеттік емес оқу орындары жедел қарқынмен дами бастады, халықаралық байланыстар мен ынтымақтастық жолға қойылды. Халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу бағытында қарышты қадамдар жасалды.

Айталық, егер 1995 жылы республиканың жоғары оқу орындарында 100 орынға 212 талапкер болса, ал 1997 жылы ол жоғары мектептің барлық түрлері бойынша 163 адамды құрады [3]. Сонымен қатар министрлік құжаттарында: «жоғары оқу орындарындағы, әсіресе, жеке меншік жоғары мектептерде мамандықтардың көпшілігі тым шағын және бөлшектенген, Көптеген жоғары оқу орындары

экономистер, заңгерлер мен халықаралық мамандарды даярлап, ол барлық студенттердің ширек бөлігін, соның ішінде экономистер 20%-ке жуығын құрайтын болды. Сонымен бір мезгілде техникалық және жаратылыстану ғылымы мамандықтары бойынша орындар үздіксіз қысқарып келеді. Ал таяу жылдары еліміздің жоғары білімді экономистерді қажетсінуі әр жылға шаққанда 2500-2700 адамнан аспайды» - деп атап көрсетілді [4].

Сол себепті республиканың білім және ғылым министрлігі 1999 жылдан бастап жоғары оқу орындарында, соның ішінде жеке меншік жоғары мектептерде қажетті мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты конкурсты негізде орналастыру тәртібін енгізді.

Сонымен қатар нарықты қатынастарды қалыптастыру процесі, экономикадағы теріс құбылыстар ЖОО-ның материалдық-техникалық базасының құлдырауына да әкеп тіреді. ЖОО-дағы жалақының төмендігінен оқытушылардың, әсіресе, болашағынан үміт күттіретін жастардың басқа жұмыстарға ауысуына, сөйтіп профессор-оқытушылар құрамының қартаюуына және жалпы ғылыми-педагогикалық әлеуеттің әлсіреуіне апарып соқты. Соған байланысты республиканың білім және ғылым министрлігі оқыту жүйесін жана сапалық жағдайға көшіру жөнінде түбегейлі шаралар қабылдауда. Аймақтық негізде жоғары мектептер жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы мен оңтайландыру схемалары негізінде жоғары оқу орындарын құру, қайта құру немесе тарату шаралары жүргізіліп, еліміздің бірқатар беделді ЖОО-да тәжірибе ретінде олардың көп деңгейлі құрылымы енгізілуде. ЖОО-лардың құрылымын ірілендіру, білім беру мазмұнын жаңарту жөніндегі шаралары жүзеге асырылды. Білім беру мазмұнының міндетті төменгі деңгейін, студенттердің жауапкершілігін арттырып, түлектерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайтын негізгі ережелер мен мемлекеттік стандарттар бекітілді.

Жылдан жылға білім беруге қаржы бөлу көлемі мен оның құрылымы жөнінен дамыған елдерден артта қалушылық күшейе түсті. Мәселен, білім беруге жұмсалатын шығынның азаюы оқушылар мен студенттер санының қысқаруына әкелді. Осының салдарынан ЖОО-лардағы студенттер саны 1993-94 оқу жылында 1990-91 жылмен салыстырғанда 5 %-ға азайды [5].

1995 жылдың басында Білім беру Министрлігінде 24 мемлекеттік емес ЖОО-да аттестация өткізіліп, соның нәтижесі бойынша 6 ЖОО лицензиясынан айрылды, 10-ы қайтадан аттестациядан өтетін болды, 5 ЖОО-ға 1995-96 оқу жылына студенттер қабылдауға тыйым салынды [6]. Аттестациялаудың қорытындылары сондай-ақ олардың материалдық-техникалық жаракталуының әлсіздігін, жеткілікті деңгейде оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілмегенін, білікті профессор-оқытушылар құрамының жетіспеуін және де бұл мекемелердің құрылтайшылары мен басшыларының біліктілігі жоғары мамандар даярлау міндеттерін шешуден гөрі көбінесе жеке мүдделерін көздейтінін көрсетті.

Мемлекеттік емес ЖОО-ның саны көбейіп, 1999 жылдың соңында білім беру қызметімен айналысу құқығын беретін мемлекеттік лицензияға ие болған жоғары мектептердің саны 100-ден асты. Бұдан басқа республикада Қазақстан ЖОО-ларының 50-ден астам филиалы және шетелдік жоғары мектептердің 40-тан астам филиалы лицензиясыз жұмыс істеді. Олардың көбі жергілікті жерлерде жеке кәсіпорындар (ЖШС, ЖАҚ және т.б.) ретінде тіркелгендіктен тиісті оқу базасы мен білім беру лицензиялары болмады. 1999 жылдың аяғында өткізілген мемлекеттік емес оқу орындары қызметінің кәсіби талаптарға сәйкестігін жоспарлы тексеру олардың көбінің қойылатын талаптарға жауап бермейтіндігін анықтады. Оларға тән жалпы кемшілік ғылыми дәрежелері мен атақтары бар штаттағы профессор-оқытушылар құрамының болмауы еді. Осы себепті сабақтарды кәсіби білімі жоқ оқытушылар, ал кейде тіпті жоғары курстардың студенттері өткізіп келген. Мұндай ЖОО-да оқу-әдістемелік құралдармен, қазіргі оқулықтармен және ғылыми әдебиетпен қамтамасыз ету деңгейі де төмен болды. Оқу процесі көптеген пәндер бойынша жоғары білім жөніндегі мемлекеттік стандарттардан ауытқып келген. Нәтижесінде, 4 жоғары оқу орнынан білім беру құқығын беретін лицензиясы қайтарылып, 3 жоғары мектепке лицензия беруге рұқсат етілмеді [7].

Әртүрлі техникалық, ауыл шаруашылық және орта арнаулы оқу орындарын (колледждер) облыстардағы педагогикалық институттар құрамына қосу да жоғары білім сапасына аз нұқсан келтірген жоқ. Мұндай саясат материалдық-техникалық базасының әлсіздігі мен оқытушы мамандардың жетіспеуіне байланысты аймақтық ЖОО-ның облыс үшін қажетті мамандарды толықтай даярлай алмайтындығымен түсіндірілді. Республикадағы ірі ЖОО-лардың жұмыс істеп тұрған филиалдарын мақсатсыз жою және оларды облыстық университеттердің (бұрынғы пединституттардың) құрылымдық бөлімшелеріне айналдыру техникалық мамандар даярлау мен еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік деңгейіне кері әсер етті. Мысалы, техникалық ЖОО-ға студенттер қабылдау жоспары 1995 жылмен салыстырғанда 1998 жылы 12,7 мың адамға немесе 55,6 %-ға қысқарды. Ал осының бәрі инженерлік еңбек нарығындағы ахуалдың ғылыми негіздегі болжауы болмағандықтан орын алды.

2000 жылдың басында қаражат тапшылығы және республика Үкіметінің «Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды интеграциялау жөніндегі кейбір шаралар туралы» қаулысымен бекітілген ЖОО жүйесін одан әрі оңтайландыру шаралары нәтижесінде тағы да 9 ЖОО ірі аймақтық университеттер мен академияларға қосылды. Бұл шешімнің мақсаты Астана, Алматы қалалары мен республиканың 10-12 аймақтарында мемлекет қаржыландыратын ЖОО-лардың ірі орталықтарын құру болды. 32 ЖОО жекешелендіруге жатқызылмайтын болып белгіленді. Қалған 40-қа жуық жоғары мектеп бірте-бірте жекешелендірілуі және жеке меншік ЖОО-ға айналуы тиіс болды [8].

Жалпы әлеуметтік-экономикалық сілкіністерді білім беру жүйесінің басқа буындарына қарағанда жоғары мектептер аз шығынмен бастап өткерді. Тіпті бірқалыпты сипатта дамыған жоғары мектептер жүйесінің жедел кеңеюі жүріп, нәтижесінде 2005 жылға қарай Қазақстанда 181 ЖОО жұмыс істеді (академиялар, университеттер, консерваториялар).

Дегенмен, көптеген мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының білім беру мекемелерінің қызметіне қойылатын талаптарға жауап бермейтінін және оқу процесін тек табыс көзіне айналдыруға әрекет жасайтынын атап көрсеткен жөн. Соған байланысты елімізде мамандар сапасын арттыру және жоғары білім мәртебесін көтеру үшін ЖОО-ны лицензиялау мен аттестациялауға қойылатын талаптарды күшейту қажет [9].

Бұл тұста жоғары білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін соңғы нормативтік актілердің бірі ретінде білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредиттеу жүйесінің енгізілгендігін атап өтуге болады. Оның басты міндеті оқу орындарының тұрпаты (жоғары оқу орны) мен түрі (институт, академия, университет) бойынша бекітілген оқу бағдарламаларының тізімі негізінде жоғары мектептердің түлектеріне мемлекеттік үлгідегі білім алғаны туралы құжаттар беру құқығына ие болған жоғары мектептердің статусын мемлекеттің тануы болды.

Қазақстан Республикасы білім беру және ғылым министрлігінің деректері бойынша 2001 жылы 24 қарашаға дейін еліміздегі аккредиттелген жоғары оқу орындарының қатарына ұйымдастыру-құқықты формалары мен ведомствалық бағыныштылығына (39 мемлекеттік және 20 мемлекеттік емес) тәуелсіз 59 университет, академиялар мен институттар кірді. Мамандар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша жетекші болып саналатын олардың біліктілігі жоғары профессор-оқытушылар құрамы, мол кітапхана қоры, жақсы оқу-дәрісхана базасы, бүкіл дүниежүзілік Интернет жүйесіне қосылған қазіргі заманғы компьютерлермен жабдықталған сыныптары бар, жоғары білім алуға талпынатын жастарды да өздеріне тарта алады [10].

Қазақстанның жоғары оқу орындарының ұсыныстары мен тілектерін ескерген ҚР БҒМ білім беру ұйымдарының қызметін кешенді бағалау үшін ақпараттар берудің арнайы формасын (қалпын) әзірлеп, бекітті. Жұмыс тобы жинап, есептеп, талдаған 19 интеграцияланған көрсеткіштің 5-уі аккредиттеу үшін міндетті, ал қалған 14-не 8 көрсеткіштің сәйкес келуі аккредиттеу үшін жеткілікті деген шарт қойылды.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің мониторинг және бақылау Департаменті ұсынған деректерді талдау бағалау өлшемдеріне неғұрлым жиі сәйкес келмейтін көрсеткіштерді анықтады. Олар:

1. ПОҚ бірлігіне ҒЗЖ-ның қаржыландырылуының жалпы көлемі (мың теңге) – 18 жоғары оқу орны сәйкес келмеді.

2. Келтірілген контингенттің әр студентіне келетін негізгі қорлардың (мың теңге) жалпы құны – 14 жоғары оқу орны сәйкес келмеді.

3. Келтірілген контингенттің 100 студентіне шаққандағы докторанттар мен доктор ғылыми дәрежесін ізденушілер санының қатынасы – 24 жоо сәйкес келмеді.

4. Ғылыми дәрежелері және атақтары бар ПОҚ құрамындағы ғылыми дәрежелері және немесе ғылыми атағы бар жас оқытушылар (35 жасқа дейін) пайызы – 39 ЖОО сәйкес келмеді.

5. ПОҚ-ның 100 адамына келетін шетелдік басылымдардағы жарияланымдар саны – 23 ЖОО сәйкес келмеді.

6. Келтірілген контингенттің 100 студентіне келетін Pentium санатындағы дербес компьютерлер саны – 18 ЖОО сәйкес келмеді.

7. Келтірілген контингенттің 100 студентіне келетін Интернет жүйесіне қосылған компьютерлер саны – 28 ЖОО сәйкес келмеді [11].

Келтірілген деректер аспирантура мен докторантура арқылы жас ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау мен олардың мамандығын көтеру, материалдық-техникалық және ақпараттық-әдістемелік базаны халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемін көбейтуде жоғары оқу орындарының қызметін жандандыру қажеттігін дәлелдейді.

2004 жылы Президенттің Жарлығымен сапасы жағынан әлдеқайда жаңа Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. Оны әзірлеуге ең үздік отандық және шетелдік мамандар қатысты.

Мемлекеттік бағдарлама білім беруді жалпы ұлттық басымдық ретінде айқындайды және ұзақ мерзімге арналған Қазақстан Республикасының білім беру саясатын іске асырудың ұйымдық негізін құрайды. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру, жеке тұлға мен қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының 2010 жылдарға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту.

Мемлекеттік бағдарламаны институционалдық қолдау үшін «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Республикалық біліктілікті растау және беру орталығы, Ұлттық аккредиттеу орталығы, Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы құрылған.

2005 жылы педагогикалық мамандықтарға деген мемлекеттік тапсырыс бес мың грантқа көбейтіліп, 9250 бірлікті құрады. Педагогикалық қызметкерлердің барлық санаттарының жалақысы 32 пайызға өсті.

Педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырысты көбейту, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға бюджеттен қаражат бөлу, жалақыны көтеру, педагогикалық қызметкерлер мәртебесін айқындау жөніндегі барлық шаралар мұғалім мамандығының беделі мен тартымдылығын арттыруға, жастарды мектептерде тұрақтандыруға және тәжірибелі мұғалімдердің мектептерден кетуін қысқартуға ықпал етеді.

Осы саладағы қазіргі кәсіптік білім берудің жай-күйі және процестер динамикасы көрсетіп отырғандай кәсіптік даярлық қоғамның қарқынды дамуындағы шешуші факторға айналуға.

Кәсіптік мектептер мен колледждерде кәсіптік білім беруді жетілдіру мен дамыту үшін кластерлік бастамаларды ескере отырып, білікті техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру мақсатында 2006-2009 жылдар бойы кластерлік бастамаларды ескере отырып, экономиканың жекелеген салалары бойынша: мұнай газ саласы - Атырау облысында (2006 ж.), отын-энергетикасы – Павлодар облысында (2007 ж.), өңдеу - Оңтүстік Қазақстан облысында (2008 ж.), машина жасау – Шығыс Қазақстан облысында (2009 ж.) техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық кәсіптік орталықтарды кезең-кезеңмен құру бойынша шешім қабылданды. Аталған орталықтар республикалық бюджеттен қаржыландырылатын болады.

Осы кластерлік бастамалардың басымдылығын ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2005-2006 оқу жылдарына арналған мемлекеттік тапсырыс құрылымы нақтыланды. Мемлекеттік кредиттер есебінен мемлекеттік білім беру гранттарының саны көбейді. Жалпы мемлекеттік білім беру гранттары бойынша жаңа қабылдау 2005 жылы 31 210 бірлікті құрады.

Мемлекеттік білім беру кредиттері бойынша білім алушы студенттер 2005 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауысып, бұл мемлекеттік бюджеттің есебінен оқитын студенттерді бірыңғай қаржыландыру жүйесін құруды қамтамасыз етті. Осы ретте 2005-2006 оқу жылының басталуына дейін берілген кредит сомасы шегінде студенттердің мемлекет алдындағы міндеттемелері сақталынып қалды.

Осы шараларды іске асыруда талантты жастарға жоғары білім алуда мемлекеттің қолдау көрсеткені айқын көрініс тапты және республиканың 40 мыңнан астам азаматының әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді:

- біріншіден, олар кәсіптік жоғары білімді тегін алу мүмкіндігіне ие болды;

- екіншіден, білім алушы студенттерге білім беру кредиті бойынша бұрын төленбеген мемлекеттік стипендия осы санаттағы студенттерге берілетін болды.

Республикада 15 жыл бойы “Болашақ” бағдарламасы іске асырылып келеді. Осы уақытта шетелдің ең үздік жоғары оқу орындарында 3626-дан астам адам беделді білім алды. Жастардың әлеуетін одан әрі ашу мақсатында “Болашақ” бағдарламасының қызметі жандандырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2005 жылдан бастап, “Болашақ” стипендияларының саны 3 мыңға көбейтілді. Қазақстан Республикасы Президентінің “Болашақ” стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеудің жаңа ережесі бекітілді. Мектеп бітірушілер мен ЖОО-ның студенттеріне бакалавр бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында оқу мүмкіндігін беру жанашылдық бетбұрыс болып отыр. ҰБТ-ны (90 балдан кем емес) тапсырғаны туралы сертификаттың және конкурстық

комиссия шешімінің болуы бакалавриат деңгейінде оқудың міндетті шарты болып табылады. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. «Болашақ» стипендиясының конкурсына 6,5 мыңға жуық үміткер қатысты [12].

Сөйтіп, жоғарыда келтірілген талдау жоғары білім беру жүйесінде әлі де шешімі тікелей жергілікті жерлердегі жоғары оқу орындары тарапынан оқу жүйесін ұйымдастыруға көзқарасты қайта қарауға тәуелді бірқатар түйінді мәселелердің бар екенін еске салуға мүмкіндік береді.

Ғылым мен инжиниринг саласындағы қазіргі жағдайға баға бергенде қоғам дамуының мына сатыларында оның өміршеңдігін қалыптастыратын алты саланы: генетика, энергетика, материалтану, адамның миын тану, ақпараттану мен экологияны бөліп көрсетуге болады. XX ғасыр қоғамды технологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан сапалық деңгейде өзгертті.

Бүгінгі таңда XXI ғасырда ғылым мен технологияны дамытудың қазіргі басты үрдістерінің бірі экономиканың жаһандануымен қатар жүріп жатқан өскелең жаһандану үрдісі болып саналады. Біршама тұрақтанған аумақтық шекараларда қалыптасқан мәдениет пен өркениеттің өзара ықпалы мен өзара сіңісуінің күшейіп келе жатқан үрдісін бейнелейтін жаһандану сондай-ақ әлемнің әр түрлі аймақтары үшін ортақ өзекті мәселелердің (мәселен, экологиялық, азық-түлік, демографиялық, көші-қон, денсаулық сақтау және т.б.) пайда болғанын да көрсетеді. Жаһандану сонымен қатар әлем мемлекеттерінің өзара әлеуметтік-саяси тәуелділігінің тұрақты кеңейіп келе жатқанын және ұлан-байтақ ортақ мүдделер аймақтарының пайда болғанын білдіреді. Әлеуметтік-тарихи өзгерістердің, соның ішінде жаһандану процесінің іргелі факторларына ақпараттық және технологиялық қайта құруларды жатқызуға болады [13].

Ғаламдық ықпалдар едәуір дәрежеде жоғары білім беруге де қозғау салуда. Бүгінгі таңда әр елдің дерлік жоғары білім беру саласында үш мақсат бар. Біріншісі – жоғары білім алуға неғұрлым кең жол ашу және әлемнің әр аймағында бұл мүмкіндіктің ауқымы тез кеңейіп келеді. XX ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында Батыс Еуропада жоғары білім алушылардың жас шамасының (18-22 жас) үлесі 8%-дан асатын бірде-бір ел болмады, ал бүгіндері бұл үлес 35%-ға жетпейтін ел қалған жоқ. Бүкіл дүние жүзінде ЖОО-ға түсушілер саны жылына 10-15%-ға артуда, мұның ішіне әр тұрғынға шаққандағы табыстары орташа және төмен болып саналатын Азия, Африка және Латын Америкасы елдері де кіреді.

Нәтижесінде әлемде жоғары білім таңдаушылардың ғана үлесі болып табылатын, яғни жас шамасы бойынша үлесі 15%-дан аспаған ел қалған жоқ. Демек, жоғары білім «бұқаралық» сипат алды. Мексиканың ұлттық автономиялық университетінде 269 мың студент, Дели Университетінде 309 мың, Анатолий Университетінде (Түркия) 1 млн-нан астам, әлемдегі жекеменшік ең ірі университеттерінің бірі – Ирандағы Азад Ислам университетінде оның 145 кампусымен қоса алғанда – 850 мың студент оқиды. Сірә, жоғары оқу орындары қалың жұртшылық үшін жабық, сыртқы әлемнен алшақ, санаулы таңдаушылар ғана оқи алатын белгілі бір «эксклюзивті» интернаттар деген дәстүрлі түсініктен арылу қажет шығар.

Әр елдің екінші мақсаты жоғары білім сапасын арттыру болып табылады. Соңғы онжылдықта жоғары білім сапасы көрсеткіштерінде нағыз төңкеріс болды. Енді сапалы жоғары білім сыныптарда, жатақханаларда, ғылыми зертханаларда, сабақтар өтетін дәрісханаларда қазіргі заманға сай электрониканың болуын талап етеді. Көптеген студенттер ересектеу және бос уақыттарында жұмыс істеп, жатақханаларда тұрмайды. Ең сапалы және озық оқу жоспарлары көбіне оқулықтарға емес, баспа және электронды көздерден алынатын ең жаңа ақпараттарға негізделеді. Студенттерге арналған ақпарат сканерленіп, Интернеттен орын алады. Студенттер қай жерде тұрса да, бір жаққа кетсе де, оқу ақпараттарына қол жеткізе алады.

Сонымен бірге оқыту тәсілі де өзгерді. Енді сабақтар студенттерге ақпарат беруден тұрмайды: оның орнына студенттердің өз бетімен меңгерген ақпаратқа талдау жасауына баса көңіл бөлінеді. Интернет пен басқа да ақпарат тарататын электронды арналар академиялық кітапхана бейнесін өзгертіп, оның сапасын арттырды. Оған оқытушылар мен студенттердің тікелей барып-отыру қажеттігі азайды. «Сапалы» академиялық кітапхананың әдетте өзіндік бай қоры болады. Бүгіндері бұл сапа ақпараттарға қол жеткізу тәсілдерінің «санымен» айқындалады. Демек, бұрынғымен салыстырғанда орасан зор айырмашылық бар. Әрбір жақсы академиялық кітапхананың әртүрлі кітапханалардың қорымен өзара алмасуға мүмкіндік беретін эксклюзивті «ақпараттық желілерге» қосылуы үшін қаржысы жеткілікті.

Академиялық кітапханалар жүйесінің ұлтаралық сипаты бар және оның құрамына Еуропа, Азия және Солтүстік Америка университеттерінің кітапханалары енеді. Ақпараттарға қол жеткізу – міне, озық кітапханалардан орташадан айырмашылығы осында. Барлық академиялық қызметтер: оқу да, библиографиялық қызмет те электронды түрде көрсетіледі. Шындап келгенде, қазіргі университеттердің беделі оның Интернетке қол жеткізу жылдамдығымен анықталады. Интернетке қол жеткізу мүмкіндіктері

шектеулі университеттер білім беру сапасы жөнінен арналары кең университеттермен бәсекелесе алмайды.

Бүкіл әлемдегі университеттердің үшінші ортақ мақсаты тепе-теңдікті көтеру – яғни, кедей отбасылар мен шет аймақтардан келген қабілетті студенттерге шәкіртақы беру. Көптеген ең үздік университеттердің шамамен әр үшінші студентке шәкіртақы төлеу үшін жеткілікті қаражаты бар. Өкінішке орай, мемлекеттік оқу орындарының мұндай мүмкіндіктері жоқ.

Бірақ осы үш мақсатты жүзеге асыру көп шығынды талап ететіндіктен, оны тек мемлекет тарапынан қаржыландыруға мүмкіндігі бар елдер санаулы ғана шығар. Студенттердің көбеюі жағдайында білім беру сапасы мен оны алудағы теңдікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ресурстар жеткіліксіз болатын анық. Сірә, мемлекеттік ресурстардың тапшылығы тұрақты сипат алатындықтан, ғаламдық түйіткіл туындайды: жоғары білім жүйесі қалайша өзін-өзі қаржыландыра алады, яғни өз мақсаттарын, соның ішінде қоғамдық игілікке қызмет етудегі дәстүрлі мақсаттарын қаржыландыра ала ма?

Бұл түйіткіл штаттағы, сондай-ақ жеке меншіктегі оқу орындарына да қатысты. Мәселен, қазір АҚШ-та штаттағы университеттер өз шығындарының 15-20%-ын ғана штаттардың заң шығарушы ұйымдары бөлген қаржымен өтей алады; басқа қаражатты университеттердің өздері «табады». Бұл беделді штаттық университеттер мен жеке меншік оқу орындарының басқаруы мен стратегияларын ұқсас етіп ұштастырады. Бүгінгі таңда әлем университеттерінің қаржылануының 4 тәсілі бар [14]:

- дәстүрлі қаржылану көздерінен (оқу үшін ақы, жалға берілетін ақы және т.б.) түсетін ақшаны көбейту;

- қаржыландудың жаңа көздерін пайдалану (өнертабысы үшін авторлық құқықтар белгілеу немесе қор нарықтарындағы инвестициялар);

- қолда бар ресурстарды неғұрлым тиімді бөлу (мәселен, баптар бойынша қаржыландырудан оқытушылардың жалақыларын жіктеу арқылы блоктық қаржыландыруға көшу және басқалар);

- ескірген бағдарламалар немесе қызмет түрлерін жою.

Барлық тәсілдердің құптарлық және теріс жақтары бар. Озық университеттер қаражатты табысты жинаумен қатар қолда жинақталған ақшаны қоғамдық игілікке қызмет ету мақсатымен, мәртебесін асқақтату үшін барынша ұқыпты да тиімді бөлуге тырысады. Әлбетте, институттар өз мақсаттарына жетуге бағытталған қызметті қаншалықты табысты қаржыландыра алуына байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. Қайсыбіреулерінің сылбырлық танытуына, сірә, олардың жоғары сапалы оқу орны болу үшін қазірден бастап қаржы-қаражат пен басқаруды өз қолына алу қажеттігін әлі түсінбеуі себеп болса керек.

Біреулері бұдан жоғары білімді «коммерцияландыру» үрдісі байқайды. Басқалары оны жоғары білім берудің «американдық үлгісінің» жаһандануы деп қабылдайды. Шындығында, бұл ресурстарды басқаша барынша көбейту қажеттігін білдіреді. Сірә, бұл үрдісті коммерцияландыру емес, ал жоғары білім беруді жетілдіру мақсатында «кәсіптендіру» деп және америкалық үлгі емес, ал жалпыға бірдей түйткілді – бірінші жағынан, білімге деген қоғамдық қажеттілікті көтеру және, екінші жағынан, осы қажеттілікті қанағаттандыруға бөлінетін мемлекеттік ресурстарды азайту мәселесін шешуге тырысатын барлық жоғары оқу орындары талпынуы тиіс табысты үлгі деп сипаттаған жөн болар.

Жаһанданудың жоғары білімге назар аударуға тұрарлық тағы бір ықпалы бар. Ол жоғары білімнің ұлттың әлеуметтік топтасуына қалай көмектесетініне (немесе кедергі келтіретініне) қатысты. Жеке меншік те, мемлекеттік жоғары білім беру жүйесі де азаматтардың бір-бірімен, көршілерімен тату-тәтті өмір сүруін және де ЖОО түлектерінің сенімді ақтап, еңбек нарығында көзге түсуі үшін техникалық даярлығының жоғары болуын қамтамасыз етуде белгілі-бір роль атқарады.

Университеттердің басты мақсаты қандай болмасын – оқыту, зерттеулер жүргізу немесе кәсіби-техникалық әзірлік болса да – олардың бәрі де екі тетік арқылы әлеуметтік топтасуға ықпал етуге тырысады. Осы тетіктердің алғашқысы – олардың оқу жоспарлары және тарих, мәдениет, биология, физика, инженерлік іс пен экологияны шеберлікпен оқытуы. Үздік университеттер барлық студенттерге мейлінше көп тақырып бойынша әлем әдебиеті мен деректерді еркін пайдалану мүмкіндігін береді. Бірде-бір жақсы университет студенттердің ақпарат алуын шектемейді.

Екінші тетік университеттің үлгілі тәртіпті қалай ынталандыруы мен кәсіби стандарттарды қалай сақтауына байланысты – бұған университеттің академиялық табыстар үшін қаншалықты адал және әділ марапаттайтыны, оның оқытушылары мен әкімшілігі тәртіптілік кодексін қаншалықты ашық-насихаттап, орындайтыны, оның қабырғаларында ашық талқылаулар қаншалықты қолданатыны және айтылған әртүрлі пікірлер қалай құрметтелетіні енеді. Университеттерде осы қасиеттер қаншама жоғары деңгейде көрінсе, соған қарай студенттердің алған білімдері мен қалыптасқан әдеттері «адами қорды» көрсете

алады және олардың қоғамдық игілік үшін құрбан болуға әзір екенін, басқа көзқарастар мен пікірлерге төзіммен және түсіністікпен қарайтынын таныта отырып, «қоғамдық қорға» өз үлесін қосады.

Адами және қоғамдық қоры өте жоғары деңгейде дамығандығын байқатқан университеттер неғұрлым сапалы бола түседі. Дәл осы жоғары сапалы университеттер ұлттың әлеуметтік бірігуіне неғұрлым жағымды ықпалын тигізе алады. Ал жемқорлық етек жайып, университетке қабылдау немесе белгілі бір курсқа өту туралы шешім және тіпті несие бөлу пара алу арқылы жүзеге асырылса, ұлттың әлеуметтік бірігуіне қатер төнеді. Жемқорлыққа жол берген университет тәртіптілікті емес, ұлттың болашағына зиянды кертартпа қылықтарды қолпаштайтын болады.

Бүгінгі таңда жоғары білім беру саласындағы жемқорлыққа қарсы күрес ғаламдық мәселеге айналған және оның кеселі тым тереңдеп кеткен. Еуропа одағындағы мүшелердің көмегімен студенттер мен оқытушылардың неғұрлым жоғары деңгейде ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін жоғары білім беру жүйелерін үйлестіру жөнінде күш-жігер жұмсап жатқан Болон процесі және ЮНЕСКО-ның аккредиттеу жөніндегі жаңа басшылығы әлемнің әртүрлі аймақтарындағы университеттерді олардың оқу бағдармаларының сапасына қарай салыстыру мүмкіндігін береді. Үлгілі университеттің өз бағдарламалары мен тәжірибесін басқа университеттермен салыстыруға әзірлігі, сірә, университеттің жемқорлықтан аулақ екенін көрсетуге қабілеттілігін танытады. Өзінің жемқорлықтан ада екенін дәлелдеу парызы тексерілетін университетке жүктеледі. Егер өзінің адалдығын дәлелдей алмаса, студенттер еңбек нарығында қолайсыз жағдайда болады да, жұртшылық мұндай университеттің мемлекеттік қаржыны қаншалықты тиімді жұмсайтынына күмән келтіруі әбден мүмкін.

Осылайша, әлемнің барлық аймақтарында кеңінен қолданыла бастаған жоғары білім берудің табысты «үлгісі» пайда болды. Бұл үлгі бойынша жоғары оқу орындары өз мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қызметті өздері қаржыландыруға қабілетті. Бүгінгі таңда жоғары білімнің ұлттың әлеуметтік бірігуін қамтамасыз етуде бірегей роль атқаратыны дау тудырмайды, бірақ бұл роль кәсіби емес тәртіп қошаметтелетін теріс немесе тәртіптің халықаралық стандарттары сақталатын оң бағытта болуы мүмкін.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «бүкіл ғұмырлық білім» үлгісінен «бүкіл ғұмыр бойы білім алу» үлгісіне көшу міндетін тұжырымдап берді [15].

Ел Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасына сай жоғары мектептің дамуы төмендегі әлеуметтік маңызды міндеттерді орындауға бағдарланды:

Бірінші. Орта жалпы, бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласында – азаматтардың мемлекеттік оқу мекемелерінде тегін орта білім алу жөніндегі конституциялық құқығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларды оқытумен толық қамту, білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету, бәсекелестікке қабілетті және еңбек нарығына кәсіби бағдарланған орта буын мамандарын даярлау.

Екінші. Жоғары білім беру саласында – ел дамуының стратегиялық бағыттарында мамандар әлеуетін сақтау және дамыту; ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарын кіріктіру; біліктілігі жоғары мамандарды даярлау және аттестациялау.

Үшінші. Ғылым саласында – өмір сапасын көтеруді қамтамасыз ететін зерттеулерді, жоғары технологиялық сыртқа шығарылатын бұйымдардың өндірісін құруға, осы мақсаттар үшін мамандығы жоғары ғылымдар даярлауға бағдарланған ғылыми сыйымды, қорғаныс және экологиялық таза өндірістерді ашуды басым дамыту.

Белгіленген міндеттерді жүзеге асыру білім мен ғылым саласында қалыптасқан шынайы жағдаятты дәл және салмақты бағалауды талап етті. Соған байланысты жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының оңтайлылығы мен ұтқырлығын арттыру үшін олардың жүйесін одан әрі жаңғырту міндеті белгіленді. Қазіргі кезде барлық деңгейлер мен барлық бағдарламалы құжаттарда жоғары білімнің әлеуметтік тиімділігінің басты шарттарының бірі ретінде жоғары оқу орындарының дербестігі қажет екені мойындалып отыр. Осы тақырыпқа арналған ресми құжаттар арасында Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен «Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық жоспарын» бөліп көрсетуге болады. Онда бөлім беру жүйесін орталықсыздандыру біршама толық тұжырымдалған: «Жоғары білім беру жүйесінде ЖОО-ның дербестігі шынайы түрде енгізілетін болады. ЖОО-да оқытудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатына жоғары мектептерді аттестациялау және аккредитациялау жолымен, сондай-ақ ЖОО-лар арасында бәсекелестікті дамыту жолымен қол жеткізуге болады. Мұндай жағдайда студенттердің өздері мен оларға жұмысқа келетін компаниялар осы жүйедегі даярлық сапасын бағалай алады және екінші саптағы ЖОО-ның дипломдары заңды түрде сұраныстан айырылады.

ЖОО-ның дербестігі оларға оқу жоспарларын өз бетінше әзірлеу, білімді бағалаудың өзіндік өлшемдерін енгізу және мамандар мен оқу үрдісін ұйымдастыру мәселелерін өз бетімен шешу құқығын беретін болады» [16].

Қосымша төмендегідей қадамдар айқындалды:

Біріншіден, мамандар даярлауда қайталаушылық пен жанаспалықты жою, бюджет қаржысын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатымен таяу арада елдің бірқатар аудандарында ірі мемлекеттік университеттерді (немесе өзіміз айтуға дағдыланған аймақтық университеттерді) қалыптастыру процесі аяқталатын болады.

Екіншіден, Үкіметтің «Жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық сала мекемелерін акционерлік қоғамға айналдыру тәртібі туралы» қаулысын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жалғаластырылуда. Әзірше, екі жеке жоба іске асырылды: Алматы техникалық институты кейін мемлекеттік акцияларды сата алатын жабық акционерлік қоғам болып қайта құрылды, ал биотехнология және жануарларды өсіру жөніндегі Ғылыми тәжірибелік орталық «Биоген» жабық акционерлік қоғамына айналды.

Бұл бағыттағы жұмыс жобасы келісім үшін мүдделі министрліктер мен ведомстволарға енгізілген білім беру және ғылым ұйымдарын жекешелендіру

Тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылды. Бұл Тұжырымдама төмендегі тұғырларға сүйенеді [17]:

- бірқатар колледждер мен жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу институттарын акционерлік қоғам етіп қайта құру;

- жалпы білім беретін мектептерді, кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждерді эксперименталды тәртіпте сенімді басқаруға беру;

- жекешелендірілген ұйымдарға мемлекеттік тапсырыстар бөлу;

- ұйымдар үшін 2-3 жылға жеңілдетілген салық тәртібін енгізу.

Орта жалпы білім беру саласында ұйымдар қызметінің басты нәтижесі кәсіби дағдылар, білім сапасы, функционалды сауаттылық және түлектің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі болуы тиіс. Бұл салада шешімін күткен түйіндер шаш-етектен. 2000 жылғы тестілеу бірқатар аймақтарда (Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облысы) оқушылардың білім сапасында күрделі түйткілдер бар екенін ашып көрсетті: Аталған аймақтардағы әрбір үшінші оқушы «екілік» алған. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстарында мектеп бітірушілер біршама жоғары деңгейін көрсетті. Бұл жайт жоғары сынып оқушылармен жұмыс, оның оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етілуі орта жалпы білім беру жүйесіндегі әлсіз буын екенін білдіреді.

1999-шы жылдан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы (ресми атауы – «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоғары оқу орындардың студенттік құрамын қалыптастырудың жаңа үлгісі») негізінде студенттер құрамын қалыптастырудың жаңа үлгісіне көшу жүзеге асырылды. Мемлекеттік тапсырыс мемлекеттік білім беру гранттары мен мемлекеттік оқыту несиелерін беру жолымен жүзеге асырылады. Жаңа үлгінің мәні барлық талапкерлер кешенді тестілеу тәсілімен сынақтан өтіп, таңдаған мамандығынан тұтас республика бойынша байқауға қатысады. Мемлекеттік білім алу гранттары мен несиелер іріктеуден өткен нақты үміткерлерге беріледі. Болашақ студент – грант немесе несие иегері арнайы мамандық бойынша даярлық жүргізілетін жоғары оқу орнын өзі таңдайды. Жоғары білімді мамандар даярлауды қаржыландыру тетігі де өзгерді – бюджет қаржысы жоғары оқу орны емес, нақты үміткерге бөлінеді. Алғашқы кезеңі өткен жылы енгізілген бұл үлгі талапкерлер білімін бағалаудың адалдығын арттыруға, мемлекеттік тапсырыстар бойынша мемлекеттік жоғары оқу орындарына түскісі келетіндер арасында неғұрлым дарынды жастарды іріктеуге, жекжаттыққа тосқауыл қоюға және осы науқанға ұштасып жататын көптеген келеңсіз құбылыстарды аластауға мүмкіндік берді.

Студенттерді қабылдаудың жаңа үлгісін енгізудің алғашқы кезеңінде оның айтарлықтай жаңашылдығына және оны жүзеге асыруға бөлінген мерзімнің тым қысқа болғанына байланысты белгілі бір кемшіліктер мен олқылықтар орын алды. Түлектердің едәуір бөлігі қабылдаудың жаңа ережелері туралы ақпаратты нақтылай алмай, оған бейімделуге және жаңа үлгінің артықшылықтарын бағалауға қолдары жетпеді. Кейбір тест тапсырмалары толық көлемде талаптарға жауап бермеді. Бірнеше жоғары оқу орындары бар қалаларда базалық жоғары мектепті таңдау базалық ЖОО-лар мен қалғандарының арасында тең емес бәсекелестікке себеп болды. Техникалық сипаттағы проблемалар, бағдарламалық қамтамасыз етуде, өтініштерді қабылдауды ұйымдастыруда олқылықтар, апелляциялық комиссиялардың жұмысында қателіктер болды [17, с.18].

Қазақстандағы кеңес дәуірінен кейінгі 1991-2005 жылдардағы білім беру мәселелерін талдау кеңестік білім беру құндылықтары мен Батыстық оқытудың ең жаңа жетістіктерін ұштастыру әлемдік білім беру кеңістігіне республиканың оқыту жүйесін кіріктіру үшін басты шарт болады деген қорытынды шығаруға

мүмкіндік береді. Осы тұста ішкі ұлттық даму көзқарасы тұрғысынан білім беру саласын жаһандандырудың сыртқы шарттарын ескеру қажет болатын. Бұл үшін жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына әлемдік мәдениет, этнология, саясат, экономика, әлеуметтануды, тарих пен елтануды оқытатын жаңа қоғамдық пәндерді енгізу қажет еді [18].

Жаһандану дәуірінде жалпы адамзаттық құндылықтар аясында Батыс пен Шығыстың барлық ұлттық құндылықтарын ұштастыру туралы мәселе өткір тұр. Қазақстанның ұлттық және халықаралық интеграциясын жүзеге асыру жолдарының бірі – үштілділікті енгізу. ҚОАҰ (қазақ-орыс-ағылшын үштілділігі) – бұл бірден-бір дұрыс тілдік стратегия, біріншіден, Қазақстандағы көптілділік жағдайында және екіншіден ағылшын тілінің сыртқы нарықтағы басымдылығына байланысты аса қажет. ҚОАҰ-стратегиясы бизнестің басты барлық жақтарын: менеджмент, маркетинг, мониторинг және басқаларды қамтиды [19].

2001 жылдан бастап мамандықтарды ірілендіру бағытында қайта қаралған және 43 топ бойынша 274 атаулы мамандықтардан тұратын жоғары кәсіби білімді мамандарды даярлау бағыттарының жіктемесі (классификаторы) енгізілді. Ол болашақта ЮНЕСКО-ның Лиссабон Конвенциясына қол қойған мемлекеттерге ұсынған білім берудің халықаралық стандарттық жіктемесіне сәйкестендірілетін болады [20].

Кеңестік және төңкеріске дейінгі Ресейлік білім берудің көптеген ұстанымдары күні бүгінге дейін негізінен кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте, соның ішінде Қазақстанда да сақталып отырғанын атап өткен жөн. 1990-шы жылдардың басында Қазақстандағы білім беру дәстүрлі емтихандардың орнына тестілер енгізіп, батыстық оқу жүйесіне икемделе бастады. Алайда тестілердің қоғамдық пәндер бойынша студенттердің шынайы білімін көрсете алмайтыны анықтала бастады. Атап айтқанда, сабақтарға қатыспау үлгеруші студенттердің тестідегі көрсеткішіне кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ белгілі бір сұрақтарға жауаптардың нұсқалары бірдей дұрыс болуы мүмкін. Тестілер оқыту мен студенттерді даярлаудың сапалық деңгейін әлсіретті, шәкірттерді тұрғындардың материалдық қуатсыздығы секілді рухани байлыққа талпыныстан ада етті. Сол себепті қоғамдық пәндер бойынша тестілерді мұқият және неғұрлым терең көзқараспен қайта қарау әлде оны мүлдем алып тастап, бұрынғы дәстүрлі ауызша немесе жазбаша сынақтарға қайта оралу қажет.

Олар орындайтын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдау жұмыстарының көп бөлігі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Мемлекет зерттеулерді басқаруды қазіргі тұтқалары қаражаттар бөлу және олардың ұтымды пайдалану жүйелері мүлдем жетілдірілмеген жағдайда ғылымға көбірек қаржы бөлуге қауқарсыз жағдай қалыптасы. Осындай жағдайда республикада ең алдымен ғылыми-техникалық потенциалды сақтауға, оны жаңа нарықтық қатынастарға бейімдеуге, ғылыми-техникалық өніммен отандық нарығын қалыптастыру мен қорғауға, инновациялық қызметті дамытуға бағытталған бірқатар басты заңдық, нормативтік құжаттар қабылданды.

Зерттеу нәтижесі. 1991-2004 жылдар аралығында еліміздің ғылыми-техникалық потенциалы едәуір төмендеп кетті. Қазір жалпы ішкі өнімдегі ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығын үлесі бойынша (0,24–0,28) Қазақстан Ресейден 4 еседен астам, дамыған елдерден (АҚШ, Германия, Жапония) 10 есеге жуық артта қалып келеді. Қазақстанның әр тұрғынға шаққанда ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығыны Ресейден 15 есе аз, әлемнің басты елдерінен (АҚШ, Германия, Франция) тіпті 150-200 есе кем. 10 мың тұрғынға шаққандағы (он адам) зерттеулер саны бойынша Қазақстан (24) ТМД елдері арасында 8-орында және Ресейден (93), Ұлыбританиядан (46), Германиядан (59), АҚШ-тан (76), Жапониядан (91) едәуір артта. Қазақстан тұтастай осы көрсеткіш бойынша Ресейден 10 есеге жуық, басқа елдерден 5-6 есе артта қалған. Егер 1990ж. Қазақстан БҰҰ қабылдаған ғылыми әлеуетті бағалау көрсеткіштері бойынша орташа дамыған елдер қатарында болса, ал 2002 ж. дамушы елдерге қосылғандай. Жоғары дамыған елдер үшін ғылыми-техникалық көрсеткіш бойынша ең төмен деңгей болып ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығын 1%-дан кем болмауы тиіс. Ресей ғалымдары 1996 жылы ел үкіметін егер ғылымға бөлінетін шығын 7 жыл ішінде 1%-дан төмен болса, онда Ресей мәңгі ұлы держава болу мүмкіндігінен айырылады деп ескертті.

Қазақстанға ғылыми-техникалық деңгейін арттыру үшін экономика мен ғылыми-техникалық салада реформалар жүргізуді және ең бастысы экономикаға ірі көлемді инвестиция тартуды аяқтауы қажет.

Қорытынды. Сондай-ақ басқа елдерде ғылыми-техникалық саладағы іс-әрекеттің барлық дерлік жақтарын, соның ішінде ғалымдар мен ізденушілердің білім беру жүйесі және өндіріспен өзара әрекеттестігін қамтитын заң шығарушы және нормативті құжаттарының санына қарап, Қазақстанда ғылым мен ғылыми-техникалық іс-әрекеттің заңнамалық негізін құру жөнінде үлкен жұмыс күтіп тұр деген пайымдау жасауға болатынына назар аударамыз. Бәрінен бұрын өкілетті ұйымдар деңгейінде заңды және нормативті құжаттарды әзірлеудің мемлекеттік бағдарламасын дайындау, қабылданғаннан кейін оны ғылыми жұртшылық арасында кеңінен талқылауды ұйымдастыру және онда көзделген шараларды жүзеге асыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. – Алматы: Агентство по статистике Республики Казахстан, 2000. – С. 5.
2. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,27 -іс.,17 п.
3. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,56 -іс.,8 п.
4. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,56 -іс.,11 п.
5. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,27 -іс.,24 п.
6. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,85 -іс.,5 п.
7. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,97 -іс.,16 п.
8. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,99 -іс.,38 п.
9. Ахметов А.С. Приоритеты становления и развития высшего образования в Казахстане // Бюллетень Совета по взаимному признанию и эквивалентности документов об образовании, ученых степенях и званиях. – Алматы, 2001, №1-2. – С. 38.
10. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,109 -іс.,23 п.
11. ҚР ОММ 2265-қ.,1-т.,110 -іс.,2 п.
12. Гамарник Г. Білім беру жүйесіне – жаңа сапалы негіз // Егемен Қазақстан. - 2005. - 23 тамыз.
13. Ракитов А.И. Наука в эпоху глобальных трансформаций (российская перспектива). Наука в России: состояние и перспективы. – М., 1997. – С. 13.
14. Хейнеманн С. Глобальные проблемы высшего образования // Альма матер, - 2007. - №5.
15. Материалы съезда работников образования и науки Республики Казахстан (Алматы, 2001, 2-3 февраля). – Алматы, 2001. – С.10.
16. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2010 года // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. 2001. №43-44. С.275-276.
17. Қушербаев К.Е., Приоритетные направления развития образования и науки на ближайший период. (Из выступления на расширенном заседании Коллегии Министерства министра образования и науки РК). – Высшая школа Казахстана, № 1, 2000г., стр. 15-22.
18. Қыдырбекулы Д. Проблемы пост-советского гуманитарного образования в Казахстане. - Алматы. -2004. - С.45.
19. Нуркина Г., Казахско-русско-английское трехязычие бизнеса: формы проявления и тенденций его развития // Изденис-Поиск, 2001, №2, с.16.
20. Государственная программа «Образование» // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. 2000. №40. – С.78.

References

1. Results of the 1999 census in the Republic of Kazakhstan. – Алматы: Агентство по статистике Республики Казахстан, 2000. – С. 5.
2. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 27, item 17
3. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 56, item 8.
4. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 56, item 11.
5. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 27, item 24.
6. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 85, item 5.
7. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 97, item 16.
8. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 99, item 38.
9. Akhmetov AS Priorities for the establishment and development of higher education in Kazakhstan // Bulletin of the Council on Recognition and equivalence of documents on education, degrees and titles. – Almaty, 2001, №1-2. – С. 38.
10. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 109, item 23.
11. Central Medical Center of the Republic of Kazakhstan, 2265, item 1, case 110, item 2.
12. Гамарник Г. A new qualitative basis for the education system // Ege men Kazakhstan. - 2005. - 23 August.
13. Rakitov AI Science in the era of global transformations (Russian perspective). Science in Russia: Status and Prospects. – М., 1997. – С. 13.
14. Heinemann S. Global problems of higher education // Alma Mater, 2007. - №5.
15. Materials of the Congress of Education and Science Workers of the Republic of Kazakhstan (Almaty, 2001, February 2-3), Almaty, 2001, p.10.
16. Strategic development plan of the Republic of Kazakhstan until 2010 // Assembly of acts of the President

of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Kazakhstan. 2001. №43-44. – P.275-276.

17. Kuserbaev KE, Priority areas for the development of education and science in the near future. (From a speech at an extended meeting of the Board of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan). - Higher school of Kazakhstan, № 1, 2000, p. 15-22.

18. Kudyrbekuly D. Problems of post-Soviet humanitarian education in Kazakhstan. – Almaty, 2004. – P.45.

19. Nurkina G., Kazakh-Russian-English trilingual business: forms of manifestations and trends of its development // Izdenis-Search, 2001, №2, p.16.

20. State program "Education" // Assembly of acts of the President of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Kazakhstan. 2000. №40. – P.78.

УДК 94

ГРНТИ 11.25.91

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.10>

Малгаждарова А.М. ^{1*}

¹ докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби

г. Алматы, Казахстан

E-mail: ainur.malgazhdarova@gmail.com

ИНСТИТУТЫ ДИАСПОРАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ: НА ПРИМЕРЕ ЮЖНОЙ КОРЕИ

Аннотация

Активное взаимодействие современных стран с диаспорами способствовало развитию институционализации диаспоральной политики. На правительственном уровне стали создаваться квазигосударственные, полуправительственные организации, осуществляющие политику в отношении соотечественников, проживающих за рубежом, и сформировавшихся диаспор. В Южной Корее взаимодействие с зарубежными соотечественниками выполняют Комитет по диаспоральной политике и Фонд зарубежных корейцев.

В данной статье рассматриваются основные цели, функции и особенности деятельности этих двух учреждений. Нормативно-правовые документы - Закон «О фонде зарубежных корейцев» и Положение о комитете по диаспоральной политике показывают разграничение в функциях двух институтов. Разработку и принятие политики в отношении зарубежных соотечественников осуществляет Комитет по диаспоральной политике, в то время как Фонд зарубежных корейцев занимается непосредственной реализацией этой политики, не участвуя в его принятии.

Признавая достижения Республики Корея в проводимой политике по отношению к корейской диаспоре, стоит отметить необходимость, в дальнейшем, создать отдельное министерство диаспоры, который объединит в себе функции существующих институтов диаспоральной политики. Одно из решений - придать Фонду зарубежных корейцев статус министерства и делегировать более широкие полномочия.

Ключевые слова: диаспоральная политика, Фонд зарубежных корейцев, Комитет по диаспоральной политике, правительственный институт

А.М. Малгаждарова^{1*}

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты

Алматы қ., Қазақстан, E-mail: ainur.malgazhdarova@gmail.com

ДИАСПОРАЛЫҚ САЯСАТ ИНСТИТУТТАРЫ: ОҢТҮСТІК КОРЕЯ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Қазіргі елдердің диаспоралармен белсенді қарым-қатынасы диаспоралық саясаттың институционализациялануының дамуына ықпал етті. Шетелде тұратын отандастарға және қалыптасқан диаспораларға қатысты саясат жүргізу үшін үкімет деңгейінде квазимемлекеттік, жартылай үкіметтік ұйымдар құрыла бастады. Оңтүстік Корея шетелдегі отандастармен қарым-қатынасты Диаспоралық саясат комитеті мен Шетелдегі корейлер қоры арқылы жүзеге асырады.